

# Ізгіліктің, жылылықтың мерекесі!

## Аудан әкімі Ғалымжан Қанатұлы Маманбаевтың мерекелік құттықтауы

**Ардақты аналар, аяулы арулар!**

Баршаңызды көктемнің алғашқы жан жадыратар жаймашуақ мерекесі - 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Тіршілік тамырланып, шуағын шашқан бұл күн - жылылық пен сұлулықтың, мейірім мен махаббаттың мерекесі. Осынау айтулы күнге арналған менің жүрекжарды азаматтық құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Адамзат атаулының жүрегін жылылыққа бөлейтін ананың аялы алақаны іспеттес өзімен бірге өзгеше леп, сезім самалын ала келетін бұл мерекенің орны ерекше. Жыл мезгілдерінің ішінде көгілдір көктем тіршілік түлеуінің, табиғат түрленуінің бастауы болса, әйелдер қауымы әдеміліктің, ізгіліктің, жылылықтың қайнар көзі сияқты. Бүгінгі күні әйелдер қоғамның барлық саласында

да белсенділік көрсетуде. Олар саясаткер, кәсіпкер, ұстаз, дәрігер және қатардағы қарапайым еңбеккер ретінде қоғамдағы өз орындарын айқындап, қолтаңбаларын қалдыруда. Осынау қатарда аудан экономикасының ілгерілеуіне ерекше үлес қосып жүрген әйелдер де баршылық. Әдеміліктерімен отырған орындарын әрлендіріп, қашанда кәсіпқойлықтың үлгісін көрсетіп келе жатқан нәзікжандылар есебінен ел ырзығы еселенуде. Көктемнің керікті мерекесі баршаңыздың шаңырақтарыңызға шаттық, отбасыларыңызға бақ пен береке әкелсін!



# САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igiman01@mail.ru • №10 (9510) 3 наурыз 2023 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ  
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН  
САЙЛАУ

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

19 НАУРЫЗ  
МАРТА  
2023

СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ВЫБОРЫ

ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА  
ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

### Тұрғын үй

## 20 отбасы қуанышқа бөленді



Көктемнің алғашқы шуақты күні Сарқан қаласындағы 20 отбасы көптен күткен баспаналарына қол жеткізді. Аудан орталығындағы болашақта бой көтеретін жаңа мөлтекаудандағы алғашқы екі қабатты үй наурыздың 1-і күні пайдалануға берілді. -Бүгін Алғыс айту күні

жаңа үйге қоныстанушылар Президентіміздің саяси реформасына ризашылығын білдіріп жатыр,-деді аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев. -Осы жаңа мөлтекауданда биылдың өзінде 60 пәтерлі екі үйдің іргетасы қаланып, қабырғасы көтерілетін болады. Жеке жылу қазандығы бар бұл мөлтекауданның заманауи сипатта абаттанғанын қоныстанушылардың көретін күні алыс емес. Үйдің тұрғындары санатында жетім балалардың, мүмкіндігі шектеулі адамдардың, көпбалалы аналардың үлесі басым.

Жаңа үйді пайдалануға беру қуанышына атсалысқандар аз болмады. Олар үйге қоныстанушылардың пәтерлерін көріп, игі тілектерін ортаға салды.

-Баспанаға мұқтаждар сапында тізімге еніп, көптен бергі көкейде жүрген үй алу қуанышына қол жеткізіп отырмын,-деді жаңа үйдің жаңа тұрғыны, Чернобыль оқиғасына қатысушы Жандарбек Утаршиев, - Отбасымың барлық игілігі үлкен қалалардан кем емес осы жаңа үйде өсіп-өнгенін көргім келеді.

Тұрғындар қуанышы жалғасын таба берсін!

Ж. ЖОМАРТҰЛЫ.

### Сайлау - 2023

## Ел қалайды бейтарап қалмауыңды

Алдымыздағы саяси науқанның «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес жаңа сайлау қағидалары мен нормалары бойынша өткізілетіні сайлаушылардың өз таңдауын жасауына молынан мүмкіндік береді. Шынтуайтына келгенде Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау кезінде жаңа пропорционалды – мажоритарлық модельге көшу, Мәжіліс пен мәслихат депутатын кері қайтарып алу бойынша императивті мандат енгізу, дауыс беру күні сайлау учаскесінде БАҚ өкілдерінің қатысу мүмкіндіктерін кеңейту саяси реформалардың өркенді өзгерістерін көргісі келетін қалың көпшіліктің көкейінен шығатыны сөзсіз.

Мәжіліс, мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі бірмандаттық округтер бойынша бір орынға бірнеше үміткер тіркелгенін оқып-біліп, солардың арасынан елдің сөзін сөйлеп, жоғын жоқтап, мұңын мұңдап жүретін азаматтарды қазірдің өзінде екшеп жатамыз. Осындай саралау арқылы біз сайлауға бір шешімге келіп барамыз, өзіміздің үміткерді таңдап аламыз.

Талғамыңмен саралап таңдауыңды,  
Ел қалайды бейтарап қалмауыңды.  
Ертең нұрлы, адаспай айқындасаң,

Жүк ауырын көтерер нардай ұлды.  
Ақиқат боп алғаусыз ақтарылған,  
Адалдықты іздейтін ақ таңынан.  
Алдаспаным осы деп қолдасаныз,  
Алда келер бәйгеге қосқан ұлан.  
Ауыр міндет атқарар жолын біліп,  
Перзентінен күтеді ел орынды үміт.  
Көңілдерге көктемін нұр шашу қып,  
Сенім-көлге жүретін шомылдырып.  
Ығыстыра алайтын иықтылар,  
Кеңескендер керіспей ұйып тынар.  
Ұлағатты болса егер қалаулыңыз.  
Ұлт мүддесі бөрінен биік тұрар!

Жомарт ИГИМАН.

## Сарқандықтар көктемді қарсы алды

Қысты шығарып салып, көктемді қарсы алу, жаңару мерекесі жылдағы дәстүрге сай достық пен татулықтың мән-мағынасын дәріптеп, халықтар достастығы мен бірлігіне шақырып, этнос өкілдерін бір – біріне жақындастыра түседі.

Ақпанның 26-сында Қойлық ауылында «Алтын адам Жетісу шеберлер орталығы», «Орыс этно-мәдени орталығы», «Жетісу» туристік ақпараттық орталығы, Қойлық ауылының әкімдігі, жеке кәсіпкер «Мұқашева» және «Тастұма» шаруа қожалығының қолдауымен «Масленица» мерекесі тойланып өтті.

Салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Ал-



мас Байғұнысов қатысып, жұртшылықты қысты шығарып салу мерекесімен құттықтады.

-Бұл мейрам, қазақстандықтардың бір шаңырақ астында басын қосатын, Тәуелсіз елімізде жаңғырып жатқан мағыналы шаралардың біріне айналып, жылдан-жылға дәстүр бойынша тойланып келеді. Себебі, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің ең

жоғары байлығымыз. Мұның барлығы тату тірліктің, берекелі бірліктің жемісі деп білемін,- деді Алмас Ажарханұлы.

Әсем ән де, ұлттық киімдермен жасанған көркемөнерпаздардың мың бұралған билері де бұл күннің шырайын келтіре түсті.

Шарада вокалды ән, флешмоб билер, көңіл көтеретін өлең шумақтары орындалып, төттілер мен қолөнер туындылары көрмеге қойылды. Ал Масленица мерекесінің дәстүрлі тағамы құймақ тұрғындарға тегін таратылды.

Мереке дәстүрге сай қуыршақты жағу рәсімімен аяқталды. Қыс түтін боп көкке ұшты да, көктем таудан төмен сырғанап жетіп келді.

Өз тілшіміз.



Ұлттық табиғи парктар, қорықтар адам-зат пайдаланатын табиғаттың ең қымбат құндылықтарын сақтау мақсатында құрылған. Осы мақсатпен 2010 жылы «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі де құрылды.

Әдемі ландшафтысы мен табиғи ескерткіштері сонымен қатар әртүрлі жануарлар мен өсімдіктерге бай бұл өңір қазіргі таңда ғылыми және рекреациялық қызығушылық тудыруда.

Парктің басты құндылығы – ол жалпы ауданының 1,05 % көлемін алып жатқан жабайы Сиверс алмасының орман алқаптары. Сиверс алмасы – раушангүлділер тұқымдасына жататын жойылу қаупі бар, Қазақстанның Қызыл кітабына енген бағалы ағаш болып табылады. Сиверс алмасының – құндылығы – улы пестицидтерді қолданбай одан жақсы өнім алуға болады. Оның кейбір ағаштары қырық градус суыққа шыдап, зиянкестер мен ауруларға төтеп береді. Жемісінің түстері бойынша көк, қызыл, қызғыш, сары болып келеді, ал дәмі қышқыл –

## Сиверс алма ағашы әлем сәні!

тәтті. Дәл осы ерекше қасиеттеріне қарай, генетикалық қор ретінде өте бағалы. Сиверс алмасының көп формаға ие болу қасиеті тағы бар, сондықтан сапалы сорттарды селекциялау үшін, генетикалық белгілердің қажетті комбинациясын табуда болашағы үлкен. Тек «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында табиғи жабайы орман алқаптарында 40-қа жуық түрі өседі. Өткен ғасырдың 60-шы жылдары академик А.Д. Жанғалиев өз еңбектерінде осы өңірден жалпы ауданы 510 га болатын артықшылығы бар алма ағаштарынан 5 генетикалық резерватты атап көрсеткен.

Жетісу Алатауының баурайында Сиверс алма ағашының табиғи жабайы түрде өсетін ормандар алқабы бойымен ғылыми танымдылық маршруты өтеді. Бұл маршрут бойында «Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ жапырақты

тауларының әсем көрінісін, жабайы Сиверс алмасының орман алқаптарын, генетикалық резерваттарды тамашалауға болады, ғылыми танымдылық тур болғандықтан гид жетекші сіздерді Сиверс алмасының тарихымен таныстрады. Маршрут демалушылар үшін арнайы абаттандырылған, бағыттың бойында би-вак аландары, қарап-көру алаңқайлары бар. Саяхатшыларға «Осиновое» қонақ үйіне тоқталып демалуға болады. Сіздердің назарларыңызға көлікпен, жаяу жүрiстi, атпен жүретiн, бiр күннен бiрнеше күндiк экологиялық таза туристiк қызмет көрсетуге әрдайым қуаныштымыз!!!

Қызығушылық танытқан және келем деп оқталған келушілерге

Маршруттың бағыты: Сарқан қ. – Екіаша а. - Тополёвка а. – «Осиновий» шатқалындағы қонақ үйі мен Өлемге әйгілі Сиверс алма ағашының саябақтары.

Аталмыш бағытын негізгі жолдарымен су өткелдерінің орындарын білетін қызметтік нұсқаушы немесе экскурсия жүргізушімен өткізіледі.

Ұлттық парк ерекше қорғалатын табиғи аумақ болғандықтан, бірнеше ережелерін және техника қауіпсіздік нұсқаулықтарын сақтауларыңыз қажет!!!

Қосымша ақпарат үшін «Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ ресми сайт парақшаларынан немесе әлеуметтік желілерден көріп таныса аласыздар, сұрақтарыңыз туындаса 8(72839) 2-12-0, 8(72839) 2-21-03, 8(72839) 5-40-31 жұмыс нөмірлеріне хабарласып біле аласыздар.

Ұялы телефон нөмірі 8775926656  
Максут Рамилевич Сарқан филиалының рекреация және туризм инженеріне байланысқа шыға аласыздар.

**М.ШАМШУДИНОВ,**  
**«Жоңғар Алатауы» МҰТП Сарқан филиалының рекреация және туризм инженері.**

## Табиғаттың үнсіз жауы өрт

Көктем-жаз мезгілдері өрт қауіпінің үдейе түсетін кезеңі. Яғни бұл кезеңдерде кез келген жағдайға дайын болуымыз қажет. Өрттің табиғатты шарпына мына біз адамзат баласы себепкер болып жатамыз. Сондықтан орман алқабының өртке оранбауына біз жауаптымыз және қызмет тарапынан өрт қауіпсіздігіне қатысты жиындар, іс шаралар өткізіп отырамыз.

1. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп халықпен, МОҚ жерлеріне іргелес әр түрлі ұйымдармен және мекемелермен орман өрттерінің таралуына жол бермеу үшін өрттің алдын алу, сондай-ақ табиғатқа жанашырлықпен қарау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

2. Шаруа қожалықтарының және өзге ауылшаруашылық ұйымдарының орман қорына іргелес ауылшаруашылық егістіктерінде шөптесін өсімдіктерді жағуға тыйым салуға бақылау жасалынады.

Құрметті тұрғындар және мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағына келушілер ормандағы өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар. Жанып жатқан сіріңке, темекі тұқылын тастамаңыздар, майланған және жанғыш заттар сізден материалдарды қалтырмаңыздар, өз артыңызда қоқыс қалтырмаңыз, орманнан кеткен кезде, от толық сөнгенше топырақпен көміп немесе үстінен су құйыңыздар. Табиғат жасаған шынайы әлемді қорғай білейік.

Анар КАЙРБЕКОВА,

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Сарқан филиалының байланыс диспетчері.

## Абайлаңыз, өрт қаупі бар кезең!

Өрт қаупі бар кезеңнің басталуымен көптеген өрттер жеке тұрғын үй секторында орын алады. Олардың себептері әрдайым дерлік - біркелкі сымдар, темекі шегу және электр аспаптарын бақылаусыз қалдырған, сондай-ақ өртсіз қарау салдарынан. Егер өрт болса, бірінші кезекте өртке қарсы қызметті шақыру керек және жанып жатқан үй-жайдан дереу кетуге тырысу керек. Егер электр құралы жанып тұрса, оны электр тогынан қуаттандыруға тырысыңыз. Басқа электрлік құрылғылар немесе өрт сөндіргіштері ауаны өшіру үшін қосқышты, автоматты ажыратқышты немесе электр ашаларын өшіріп, оны қалың шүберекпен жабу керек. Түтіннің басқа бөлмеге кіруіне жол бермеу үшін есікті суланған шүберекпен тығыздаңыз. Егер өртті өз бетіңізше жоя алмайтын болсаңыз, дереу кетіңіз. Құжаттарды, ақшаны алып, пәтерден шығыңыз. Ауыр түтіндік кеңістікте улануды болдырмау үшін дем алу жүйеңізді дымқыл шүберекпен жауып тұрып, сылап немесе қырып алу керек. Жанып тұрған пәтерден көшіру кезінде барлық терезелер мен ауа желдеткіштерінің жабылғанын тексеріңіз, әйтпесе таза ауаға қол жеткізу өртті күшейтеді. Жанып тұрған пәтердегі ең қауіпсіз орындар балконға немесе терезенің жанында орналасқан. Мұнда өрт сөндірушілер сізді тезірек табады! Балконның есігін жауып тастауды ұмытпаңыз. Егер өрттің болғанын байқасаңыз, бей-жай қарамаңыз, тез арада төтенше жағдай қызметтерінің жедел телефондарына хабарлаңыз:

«101» - өртке қарсы қызметі; «112» - бірыңғай жедел құтқару қызметінің нөмірі.

РАХМАРОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

## ҚАДАҒАЛАУСЫЗ ЖӘНЕ ҚАҢҒЫБАС ЖАНУАРЛАРҒА ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

ралар кешені.

2. Уларды, өзге де дәрілік, химиялық препараттарды пайдалануды қоса алғанда, кез келген тәсілдермен жансыздандыру арқылы иттер мен мысықтардың санын реттеуге тыйым салынады.

### Жануарларға арналған паналарда жануарларға қарау ерекшеліктері

1. Жануарларға арналған паналар жануарларды, оның ішінде қадағалаусыз, қаңғыбас жануарларды және иесі меншік құқығынан бас тартқан жануарларды ұстау жөніндегі қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылады.

2. Жануарларға арналған паналар өз қызметінде уәкілетті орган бекіткен жануарларға арналған паналар туралы ережені басшылыққа алады.

3. Жануарларға арналған паналар мемлекеттік және жеке меншік болуы мүмкін.

4. Жануарларға арналған паналарда үй жануарларының иелерімен келісім бойынша оларды уақытша ұстау (орналастыру) жөніндегі қызмет, сондай-ақ ветеринариялық және өзге де қызметтер көрсету жөніндегі қызмет жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Жануарларға арналған пана:

1) жануарларға арналған панадағы қадағалаусыз жануарлар туралы ақпаратты, оның фотосуреті мен қысқаша сипаттамасын қоса алғанда, Интернет желісінде орналастыруға;

2) меншік иесінің не оның заңды өкілінің талап етуі бойынша жануарды қайтаруға;

3) меншік иесі белгілеген тәртіппен жұмыс уақытында (санитариялық өңдеу күндерін қоспағанда) азаматтардың жануарларға арналған панаға келу

мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

4) панадағы қаңғыбас жануарлардың көбеюін болғызбау бойынша шаралар қабылдауға;

5) ауырып қалған немесе жарақаттанған жануарды емдеуді, сондай-ақ вакцинациялауды қоса алғанда, профилактикалық іс-шаралар жүргізуді қамтамасыз етуге;

6) қадағалаусыз жануарлардың меншік иелерін іздеуді және жануарлар үшін жаңа меншік иелерін іріктеуді жүргізуге;

7) жануарларды сәйкестендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін олардың жеке сипаттамаларын тіркей отырып, жануарлардың панаға келіп түсуін, одан шығып кетуін құжаттамалық есепке алуды жүргізуге міндетті.

### ЖАНУАРЛАРҒА ҚАРАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫҢ САҚТАЛУЫН БАҚЫЛАУ

1. Жануарларға қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органның жануарларға қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыратын лауазымды адамдарының:

1) мемлекеттік билік органдарынан, ұйымдар мен азаматтардан жануарларға қарауға қатысты толық және анық ақпарат алуға;

2) белгіленген тәртіппен азаматтар мен ұйымдардың жануарларға қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманы, оның ішінде жануарлар-

ды асырау және пайдалану кезінде сақтауын тексеруге;

3) тексеру нәтижелері бойынша актілер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға;

4) нұсқамалар беруге және олардың орындалуын тексеруге, анықталған кемшіліктерді жоюды талап етуге, берілген құқықтар шегінде нұсқаулар немесе қорытындылар беруге;

5) кінәлі адамдарды белгіленген тәртіппен әкімшілік жауаптылыққа тартуға, оларды әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы материалдарды уәкілетті органдарға жіберуге, сотқа талап қоюлар беруге құқығы бар.

### Жануарларға қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманың сақталуын қоғамдық бақылау

1. Жануарларға қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманың сақталуын қоғамдық бақылауды азаматтар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де коммерциялық емес ұйымдар (қоғамдық бақылауға қатысушылар) жүзеге асыруға құқылы.

2. Жануарларға қарау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезінде мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қоғамдық бақылауға қатысушылардың пікірін ескереді.

3. Уәкілетті органның лауазымды адамдарымен келісу бойынша қоғамдық бақылауға қатысушылар жануарларға қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманың сақталуына тексерулер жүргізуге қатысады.

Жануарларға қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

**Сарқан аудандық ветеринария станциясы : 2-18-02.**



**Төмендегі тізімдегі азаматтардың Сарқан қаласы «Мемлекеттік кірістер басқармасы» Тәуелсіздік №115 көшесіндегі №11 кабинетке келіп жолығуларын және өздерімен бірге жеке куәліктерін ала келу керектігін хабарлаймыз.**

**Гражданам, перечисленным ниже, просим прийти в кабинет №11 по улице Тәуелсіздік №115 «Управления государственных доходов» г. Сарқан и взять с собой удостоверение личности**

АБДЕСОВ АДІЛЕТ МУРАТХАНОВИЧ, 04.05.1985 г.р.  
 АГЫБАЕВ МУРАТ БОЛАТОВИЧ, 17.02.1990 г.р.  
 АКАНБАЕВ СЕМБЕК ДҮЙСЕНБЕКОВИЧ, 01.03.1951 г.р.  
 АКИБАСОВА МАНАТ САЛИМОВНА, 04.10.1960 г.р.  
 АРЫКБАЕВА МАЙРА МУХАМЕДЖАНОВНА, 25.05.1958 г.р.  
 АХМЕДШИНА НАТАЛІЯ ІВАНОВНА, 20.10.1955 г.р.  
 БАЙДАУЛЕТОВА КЛАРА, 22.01.1948 г.р.  
 БАИЗОЛДАЕВ МАКАШ АЛДЫҒАЗЫЕВИЧ, 26.02.1979 г.р.  
 БАЙЛАУ ЖАНИБЕК, 29.11.1969 г.р.  
 БАРАНОВА ЕЛЕНА НИКОЛАЕВНА, 18.07.1970 г.р.  
 БАЯНДИНОВ БЕРИК МАТЕБАЕВИЧ, 14.10.1973 г.р.  
 БЕЙСЕМБЕКОВ ЕРЛАН НУРСАИНОВИЧ, 18.09.1968 г.р.  
 БЕКБОСЫН БАҒДАН, 01.01.1963 г.р.  
 БОДАУОВ НУРБОЛАТ БЕКМУХАНБЕТОВИЧ, 10.02.1965 г.р.  
 БОЧАРОВ НИКОЛАЙ СЕРГЕЕВИЧ, 10.09.1987 г.р.  
 ДУДИН ПАВЕЛ ВАСИЛЬЕВИЧ, 28.02.1938 г.р.  
 ЖАГУР ЕКПІН, 06.02.1971 г.р.  
 ЖАМПАЕВ МАДИЯР ЖЕНИСОВИЧ, 07.11.1986 г.р.  
 ЖЕКЕМБАЕВ КАЙРАТ КАРИБАЕВИЧ, 29.07.1968 г.р.  
 ЖУМАБЕКОВ СУЛТАН КАЙРАТОВИЧ, 13.08.1998 г.р.  
 ЗМИНА НАТАЛІЯ СЕРГЕЕВНА, 01.01.1981 г.р.  
 ИСЕМБАЕВА РИММА ЕРШАТОВНА, 10.04.1978 г.р.  
 КАМЕЛ АДАЛГУЛ, 10.08.1967 г.р.  
 ШАГАЛАКОВА ГУЛЯЙСА СЫЙКЫМБАЕВНА, 25.03.1960 г.р.  
 ШУЛЬГИН ВЛАДИМИР ПАВЛОВИЧ, 19.06.1967 г.р.  
 КАРИМОВА ГУЛЬНАРА ФАРИТОВНА, 08.02.1965 г.р.  
 КАРКЕТЕРОВ БЕКЕН СЕМБАЕВИЧ, 16.12.1976 г.р.  
 КАРКЕТЕРОВА ОЛЕСЯ МИХАЙЛОВНА, 10.01.1983 г.р.  
 КОСШУГУЛОВА МАРФУХА КАСЫМХАНОВНА, 24.07.1957 г.р.  
 КОТЕНКО НАДЕЖДА КОНСТАНТИНОВНА, 08.06.1939 г.р.  
 КУРМАНГАЛИЕВ КАРИМ, 03.01.1950 г.р.  
 КУСПЕКОВ БЕРИК КУСПЕКОВИЧ, 09.11.1982 г.р.  
 МАРАЛБАЕВА ДАРИЯ КАПАНШАРИПОВНА, 17.06.1953 г.р.  
 НЕСИПБАЙ ҰЛЖАЛҒАС, 20.04.1953 г.р.  
 НУСИПХАНОВА САНИЯ РАФИКОВНА, 15.09.1972 г.р.  
 ПАК ВИТАЛИЙ ДМИТРИЕВИЧ, 11.03.1993 г.р.  
 ПАК НАДЕЖДА ВИКТОРОВНА, 17.06.1995 г.р.  
 ПИСОЦКАЯ ОКСАНА АЛЕКСАНДРОВНА, 13.07.1976 г.р.  
 ПОТАПОВА ВАЛЕНТИНА ДАНИЛОВНА, 19.04.1952 г.р.  
 РЫСБАЕВ МАХАБАТ ЖЕКЕМБАЕВИЧ, 25.10.1967 г.р.  
 РЫСПЕКОВ ЖАЛЕЛ АЛДЫБЕРГЕНОВИЧ, 03.02.1968 г.р.  
 РЫСПЕКОВА АЯШ ТУНДЫБАЕВНА, 01.04.1972 г.р.  
 САПРЫГИНА ЗОЯ НИКОЛАЕВНА, 19.10.1947 г.р.  
 САТЫБАЛДИЕВА АЛМА ПОЛАТБЕКОВНА, 20.11.1976 г.р.  
 СЕЙТКАНОВА БАНУКАН САДЫКАНОВНА, 09.11.1960 г.р.  
 СМАГУЛОВ АДАЙ САНСЫЗБАЕВИЧ, 09.05.1976 г.р.  
 СМАИЛОВА САМАЛ ОРАЛКАНОВНА, 15.11.1979 г.р.  
 ТАНСЫКБАЕВА АЙГЕРІМ ТӘТТІБЕКҚЫЗЫ, 14.11.1990 г.р.  
 ТӘЛІМБЕК САҒЫМБАЙ, 12.11.1983 г.р.  
 ТУРКЕБАЕВ НУРДАУЛЕТ МАХАТАЕВИЧ, 14.04.1976 г.р.  
 ТУРКЕБАЕВ СЕРИКБАЙ МАХАТАЕВИЧ, 29.05.1965 г.р.  
 УСТИМЕНКО ОЛЬГА ФЕДОРОВНА, 27.02.1952 г.р.  
 ФЕДОСЕЕВ ЕВГЕНИЙ СЕРГЕЕВИЧ, 15.10.1990 г.р.  
 ЧЕРНОВ АНАТОЛИЙ ЮРЬЕВИЧ, 07.09.1984 г.р.  
 ЧУКУБАСОВ ГАБДЕШ СОВЕТКАЛИЕВИЧ, 07.07.1970 г.р.

## Ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ету

**Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.**

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікте меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі ([https://egov.kz/cms/ru/services/pass\\_sr11](https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11));

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz](https://kgd.gov.kz) (<https://kgd.gov.kz/ru/app/culstaxa?gear-search-web>);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» «мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі. Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімінен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Өділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған. Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып. Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді. Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдап отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолдана-тын. Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ. Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған. Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Өділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі. Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

**Е.БЕКТҰРСЫНОВ,**

**ҚР БП ҚЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша басқармасының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.**

## Дивный мир животных и птиц

Территория «Жонгар Алатауского ГНПП» богата и разнообразна животным миром. Например маралы, архары и горные козлы являются нередкими гостями на склонах Жетысуйских гор. В Джунгарском Алатау встречаются малая белозубка, лесная джунгарская полевка, заяц-беляк, длиннохвостый суслик, кедровка, бурый медведь, беркут и др. Бородач-ягнятник, черный аист, снежный барс, каменная куница, центрально-азиатская рысь, манул, среднеазиатская норка – редкие виды животных и птиц Джунгарских гор.

В местных водоемах обитает семиреченский лягушкозуб – узкий эндемик Семиречья, редкий вид. Его также называют джунгарским тритоном, так как встречается исключительно в горах Джунгарского Алатау. Длиннохвостое земноводное занесено в Красную Книгу РК и МСОП. Ареал обитания семиреченского лягушкозуба стремительно сокращается. Они живут только в кристально чистых источниках воды, которые, вследствие воздействия человека на окружающую среду, загрязняются.

На грани исчезновения находится и красный (горный) волк, что-то вроде помеси лисицы и обычного волка, которого в последний раз встречали в этих горах в середине XX в. В Красной Книге МСОП отмечен как вымирающий вид. Интересно, что красные волки могут издавать различные звуки, например, «петь».

Птица серпоклюв – эндемик Центральной Азии, который в Казахстане гнездится только в Джунгарском Алатау, на северных и центральных склонах Тянь-Шаня. Данный вид можно встретить на страницах Красной Книги РК. Птицы находятся под охраной некоторых заповедников и природных парков страны.

**С.ДАВЫДЧЕНКО,**  
**охотовед Сарканского филиала "Жонгар Алатауского" ГНПП.**



- Балам, мен сонау 1912 жылы шілде айында Қытай Халық Республикасы, Бурылтоғай ауданы, Қаба ауылында дүниеге келіпін,- дейді әжеміз жадындағы ескі жылдарды жаңғыртып.

- Содан 1930 жылғы Қытайдағы ұзаққа созылған азаматтық соғыс салдарынан Моңғолияға қоныс аудардық. Құдай қосқан қосағым Қасенмен сол жерде шаңырақ көтеріп, Сеңгіл сұмыны, Аққол атты ауылда ел қатарлы еңбек етіп, ұрпақ өрбіттік. Жолдасым Қобда өзенінде сал айдап, тақтай тіліп қоғамдық игілікті арттыруға бір кісідей еңбек етті. 1977 жылы жолдасым дүние салды.

Жұмыс таңдамай, талғамай ұзақ жылдар мал шаруашылығымен, тігіншілікпен, оның ішінде киіз үйдің жабдықтарын тігумен айналысқан ардақты ананың өмір жолын кеңінен тарқатсақ бір мақаланың аясына сыймасы белгілі.

Хош, сонымен тәуелсіздік таңы атқан 1991 жылдан бастап қандастармыз ата қонысқа бет бұрды. «Елге ел қосылса құт» демекші қандас ағайын қатарымызды толықтырып, қарамызды көбейтіп қана қойған жоқ, салт-дәстүрімізді жаңғыртты, қазақи болмыс-бітімімізді биіктетті, рухымызды көтерді. Көпшілік қатарында 1993 жылы Қазақстанға көшіп келген Алтынжан апамыз да тәубасын аузынан тастамай, ұрпағына ұлттық сана-сезімді сіңірді, отаншылдыққа баулыды.

Бүгінгі күні 1 ұл, 2 қызынан 13 немере, 20 шақты шөбере, 3 шөпшек сүйіп отыр. Асыл әженің балалары, немерешөберелері барлығы дерлік жоғары білімді мамандар. Мысалы төлбасы, ұлы Түсіпхан Моңғолияның астанасы - Ұланбатырдағы жоғары физика-математика мектебін тәмамдаған. Қазір ұзақ жылғы бейнетінің зейнетін көріп

# Әз әжеміз 111 Жаста

**Ауданымыздың орталығы Сарқан қаласында тұратын Белдеубай Алтынжан апамызды ғасыр жасаған әз әже ретінде көпшілік жақсы таниды. Кейуана биыл 111 жаста.**



отырған зейнеткер. Ортаншы қызы Нәсіретхан Украина жүрегі – Киевте оқыған. Технолог-инженер. Қазір Астанада. Кенже қызы Бақыт қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің маманы. Саялы өңірдің Черкасск ауылдық округіне қарасты М.Тынышбаев атындағы орта мектебінде

ұзақ жылдан бері басшылық қызметте. Немере-шөберелері де мұғалім, журналист, кәсіпкер, заңгер болып, әр қиырда еңбек етуде. Барлығы үбірлі шүбірлі.

«Адамның бір қызығы - бала» дегендей қазақ үшін өмірдің бір қызығы – ұрпақ өрбіту. Соның ішінде «шөбере» деп аталатын төртінші ұрпақ көру кемеліне келген қарттық өмірдің, ұзақ ғұмырдың үлкен белгісі іспетті. Ал төртінші ұрпағын көріп отырған біздің кейіпкеріміз асыл ананың артында мағыналы өмір сапарының мазмұнды жолдары сайрап жатыр. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген осы шығар сірә да?!

Рас, мұндай қуанышқа жеткен де бар, жетпеген де бар. Немеренің қызығын көру өз алдына, ұрпақтың төртінші буыны - шөпшек алақанынан су ішу немесе май жалау кез-келгенге бұйыра бермейтін бақ. Көңілі кең, жүрегі мейірімді, кеудесі қазына, сөзі қасиетті әдемі қартайған кейуананың сөзіне құлақ сала отырып осындай ойға келдік.

Әңгімеміздің соңында әжемізді көруге келген кез келген жанның көкейінде тұратын сауалды біз де қойдық. «Ұзақ жасаудың сыры неде?». - Әрине, ең бірінші Алланың қалауы ғой. Екінші еңбек едім. Жастайымнан қара жұмысқа ерте араластым. Таң бозынан тұрып, кеш жаттым. Ағарғанды, ұлттық тағамдарды көп тұтындым. Бары осы-ақ,- дейді сүйегі асыл ана.

Бүгінге дейін бес уақыт намазын қаза қылмайтын АЛТЫН әжеміздің жады да мықты. Үйге келген жанды шырамытып, келінінің жөн сілтеуімен амандық-саулық сұрасып жатады. «Ықыласы үлкеннің батасында» дегендей 111 жасаған әз әженің батасын алмай ешкім табалдырық аттамас сірә?! Қол жайып, ықыласын біз де сұрадық.

Бас берсін,  
Ұзақ жасайтын жас берсін.  
Дастарханың тоқ болсын,  
Уайым-қайғы жоқ болсын.  
Бақ-дәулет берсін басыңа,  
Ғұмыр берсін жасыңа.  
Иманның байлығын берсін,  
Құт-берекенің бәрі келсін.  
Еліміз аман, заманымыз тыныш болсын!

Баладай ақ көңілмен, риясыз берілген ықыласты батаға «Аумин» деп бет сипадық.

**П.ЖЕҢІСХАН,  
Сарқан қаласы.**

## Еңбек адамы

# Ел құрметіне бөленген

Кезінде аудан, облыс, республиканы былай қойғанда, Одақтың абыройын асқақтатқан, қазақтың қаршадай тракторшы қызы Марданова Күлману ерлікке лайық еңбегінің арқасында атақ-абырой алып, ел құрметіне бөленіп, еңбекші Кеңес әйелдерінің символы ретінде жарты жер шарын аралады. Газет-журналдардың бетінде ордендерін жарқырата, К-700 тракторының есігіне

**Сарқан ауданының тарихы музейі «біздерде мынадай бар, мынадай бар» деп көрсететін, келген адамның тарихи танымын тереңдетіп, көңіл көкжиегін өсіретін мұраларға өте бай. Жалпы музей экспозициясы 3 залдан тұрады. Алғашқысы – 1917 жылға дейінгі аудан тарихы, одан кейін – Кеңес дәуіріндегі өлке тарихы, соңғысы – тәуелсіздік жылдары. Осы жерде Сарқан ауданынан шыққан елге белгілі тұлғаларға арналған еңбек озаттары тақтасына көз тіккен жанның жанарына Марданова Күлману апайымыздың суреті оттай басылып, өмір-дерегі қайран қалдырады.**



45 градусқа дейін жететін температурада оталдырып, шөп тиген елген екі үлкен тіркемені кейде 350 шақырымға дейін апарып, түн ортасы ауа қайтқан күндері күні кешегідей көз алдында. Бірақ еткен еңбек, төккен тер өтеусіз қалмады. Тапсырып берілген қандай жұмыс болмасын тиянақты, дер кезінде, сапалы орындағаны үшін ел құрметіне бөленіп, еңбегі басшылар тарапынан лайықты бағаланды. 20 жасында «Еңбек Қызыл ту», 24 жасында «Ленин» ордендерімен марапатталды.

сүйеніп түскен суреті барша Кеңес одағына паш етілді.

Кеңес Одағының алғашқы механизатор қызы Паша Ангелина атындағы Одақтық жарыстың бас жүлдесін қанжығасына байлаған, бұрымы беліне түскен, шынашақты ғана қазақ қызы ерен еңбегімен талайларды таң қалдырды.

Әкеден ерте айрылған апайымыз сауыншы болып істейтін анасына көмектесе жүріп, ерте есейді. Механизаторлар курсының 19 жасында бітіріп, табандылығының арқасында бірден трактор құлағына отырды. Ауыл шаруашылығының кезкелген саласында жұмыс жасады.

Таудай алып К-700 тракторын таңғы 4-те қысқы түнде Көкөзекте

бөліскен. Осы орайда бірқатар шет елдерде кейін бірнеше жылдар бойы Марданованың жер жырту тәсілдері озық үлгі ретінде арнайы оқу орындарының программаларына енгізіліп, оқытылып келгендігін айта кеткеніміз орынды.

Апайымыз бірнеше комсомол, партия съездерінің делегаты болып сайланған. КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты бола жүріп елдегі өзекті мәселелердің оңтайлы шешім табуына ықпал тигізген. Апайымыздың адал еңбегінің арқасында алған асулары, жеткен жетістіктері жайында жазса таусылмайтын деректер мол.

Қазіргі кезде де адал еңбегімен ер атанған Күлману апайымыз қатардан қалған жоқ, тұғырдан тайған емес.

Ауданымыздағы «Сарқанирригация» бастауыш ұйымындағы ардагерлер ұйымының төрайымы. Қоғамдық іс-шараларда белсенділік танытып, өскелең ұрпақ тәрбиесіне лайықты үлес «Сарқан ауданының Құрметті азаматы»

деген атағы да бар. Бірнеше төсбелгілермен марапатталған. Бір әттеген-айы ауданымыздағы Күлману апай секілді аты аңызға айналған, мақтан тұтарлық, өмір жолын үлгі етерлік аға буын өкілдері жайында өсіп келе жатқан жас ұрпақ жарытымды ештеңе білмейді. Бұл шағын мақаламыз сондай олқылықтардың орынын толтырады деген сенімдеміз. Өткеніміз қашанда өнегелі тарих ретінде ұрпақ есінде қалуы тиіс.

Ол кісі еш уақытта «мен сондай болғанмын» деп кеудесін соққан емес. Әлі де солай. Қарапайымдылығымен, еңбекқорлығымен ерекшеленеді. Айтпақшы Сарқан ауданының Құрметті азаматы, КСРО-ның ең беделді наградаларының иегері - Ленин ордені және Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Марданова Күлману Қадырқызы былтыр 70 жасқа толды. Ізгілікке, әдемілікке толы 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында немере, шөбересіне әдемі әже, сымбатты апа, абыройлы ана, аудандағы белсенді ардагердің бірі, әрі бірегейі Күлману апайымызға біз зор денсаулық,



ұзақ ғұмыр тілейміз. Көктемнің осынау шуақты мерекесі күні көңіліңіз нұрға, жүрегіңіз жырға бөленсін!

**С.ЕРЖАНОВ,  
Сарқан ауданының тарихы музейінің экскурсия жетекшісі.**

## Желаем вам счастья

Поздравляем нашего любимого классного руководителя Сауле Касымовну с Международным женским праздником 8 марта!



Сегодня всем классом Мы скажем с любовью: Желаем Вам счастья, Улыбок, здоровья! Наш мудрый наставник И друг Вы наш старший, Пусть сбудутся в праздник Желания ваши!

**Ученики 4 Б класса СШ им. М. Жумабаева.**

## Алғыстарын ақтарды

Көктемнің шығуы мерекем басталып жүректерге жылулық ұялатады.

Адамзатқа арналған мереке табиғаттың оянуымен бірге келіп отыр. 1-Наурыз Алғыс айту күніне орай Көкөзек орта мектебінің кітапханасында айтулы күнге орай кітап көрмесі ұйымдастырылды. "Көңілді күлді көктем күн, күндері келді, көктемнің" атты іс шара өтті. Бағдарлама барысында Көкөзек орта мектебінің тәрбие ісінің меңгерушісі Ардақ Ақановна сөз сөйлеп, Көкөзек орта мектебінің ұжымына өз алғысын айтты. Мектеп оқушылары ата-аналарына, ұстаздарына, әлге-сіңлілеріне, бауырларына, достарына құттықтау тілектерін білдіріп, келген қонақтарға ризашылығын білдіріп, құттықтау сөздерін білдіріп, алғыстарын айтты.

**Н.МЫҢБАЕВА,  
Көкөзек орта мектебінің кітапханашысы.**



## Ардақтың асуы



Уақыт шіркін, не деген жүйрік едің?! Алғаш жүздескенімізде жап-жас қалпында көңіл төрінде қалған Ардақ та, міне, 60-қа келіп қалыпты. Өмірлік серігі Әлекеңнің бабын тапқан асыл жары, орталарындағы жалғыз ұлы Нұртайдың оң-солын танитын азамат болып өсуіне дұрыс бағыт-бағдар берген абзал ана, өз ісін жетік меңгерген есеп қызметкері ретінде Қарашева Ардақ Жапарқызын айналасы жақсы таниды.

Балаға әке-шешесінің мейірімі керек. Мейірімнің шуағында өспеген бала есейе келе үлкендерінің қадірін білмейді. Балаға керек нәрсе – түсіну, тану, досы бола білу. Осы қағидатпен ер жеткен Нұртай Әлімханұлы мектепті алтын медальмен бітірді. Жоғарғы оқу орнын тәмамдады. Енді, міне, магистратураны аяқтауды алдына мақсат етіп қойған жас. Ол авардың әйгілі ақыны Расул Ғамзатовтың

«Қанжардың ұясы-қыны, оттың ұясы-ошағы, ер жігіттің ұясы-отбасы» деген сөзін ұстанып, отбасының жылуымен өскенін ешқашан естен шығармайды.

Ардақтың білікті маман екендігін айналасы жақсы біледі. Мектепті үздік бітірген ол Алматыдағы халық шаруашылығы институтының түлегі. Жас кезінен қай ұжымда қызмет етсе де тиянақтылығымен, жауапкершілігімен алғысқа бөленді. Сондықтан да алпыстың асуын өзіне таныс кәсіптен қол үзбей бағындыра білді ол.

Жүріс-тұрысымен, жұртпен қарым-қатынасымен, көппен тіл табысуымен зиялылықтың үлгісін көрсетіп жүрген Ардақ Жапарқызын жетпістің биігінен, сексеннің сеңгірінен, тоқсанның төрінен, ғасыр жастың күнгейінен көргіміз келеді.

Сайраш ШОМАНОВА,  
Сарқан қаласы.

Сарқан аудандық мемлекеттік кірістер басқармасында Қазақстан Республикасының Салық кодексінің талаптарына сәйкес қызметтерін адал атқарумен қатар отбасының алтын арқауы болып отырған әйел-аналардың қатары қалың. Сондықтан да ұжымның берекесіне айналған нәзік жандылардың еңбектерін ескеру біздің басты назарымызда.

Ер азаматтың басына түскен ауыртпалықты да, қиыншылықтарды да бөлісетін әйел. Әйел – ақылгөй дос, сырлас болып, бар ауыртпалығыңды жеңілдетеді. Кездейсоқ пәлекеттер кез келсе, ол – сенің көмекшің. Көңіліңдегі күдікті, бойыңдағы қайғыңды сергітетін де – әйел. Тәнің ауырып, жаның жапа шексе жұбататын да – әйел. Көмек қолын созып, мейірімін төгетін де – сол. Шаңырақтың тұтқасы қашан да үйдің отағасы. Әйел – сол отаудың отанасы, барыңды баптайтын, жоғыңды табатын, пейілі кең, жаны жайсаң, ағайын-тумаға мейірімді – шамшырағың. Ана құдіретін тілмен айтып жеткізу мүмкін емес.

Осындай аналардың сапында салық

## ҚҰТ - БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

**Жыл он екі айдың бір күнін дүние жүзінің жұртшылығы асқан құрметпен атап өтеді. Жай атап өтпейді, жалпыхалықтық мейрамға ұласады. Бұл мерекені басқа мерекелерден өзгереді санап, береке бастауы деп біледі. Бұл мереке – Халықаралық әйелдер мейрамы. Кербез сұлу көктемнің қанатына қонып, шуағына шомылып келетін бұл қуанышты күнді асыға күтетіміз рас. Өйткені, аяулы аналарды ардақтап, әсем әпкелерді, қызғалдақтай көрікті қыз-келіншектерді құрметтеп, сүйген жарларын шын жүректен құттықтайтын мереке.**

саласында 31 жыл еңбек етіп зейнетке шыққан Нұрбану Сәкенқызы Құрымбаева, бірі 30 жылдық, екіншісі 26 жылдық еңбек өтілімен демалысқа шыққан Татьяна Захаровна Крючкова, Зоя Ашимовна Коржумбековалардың есімдерін атауға болады. Осы кісілердің қызметке де, үйге де тиянақтылығын көргенде әйел – отбасының бақыты, сәні, дәулеті деген ұғымдармен келіспеске болмайды. Үйдің тазалығы да, үй иесінің тыныш, жайбарақат болуы да әйелдердің бір әулеттің алтын діңгегіне айналғандығының айғағы. Адал

жар – көңіл азығы, тілі тәтті, мәмілелі болса – үйде құт-береке болатындығын күнделікті өмірден көріп жүрміз.

Ананың құдіретін танытатын мысалдар аз емес. Бүгінгі әйелдер қауымы ер азаматтармен қатар қоғамның қозғаушы күшіне айналды. Олар бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен ғылым, білім, мәдениет, өнер, сауда, бизнес, т.б. барлық салаларда сапалы да саналы қызмет етуде. Асыл аналарымыздың, Әлия мен Мәншүк сияқты батыр қыздарымыздың ізбасар сіңлілері өткенімізді ұлықтап, оған

тағым етіп, бүгінде өзімізді өресі биік ұлт ретінде сезіну үшін, ертеңіміздің діңгегі – жастарды адамгершілік, отансүйгіштік, адалдық секілді ең асыл құндылықтарға баулу үшін, сол арқылы ұрпақтар сабақтастығын баянды ету үшін аянбай тер төгіп келеді. Біздің кіріс басқармасында кейінгі сіңлілеріне үлгі болып, осы салада ондаған жылдар қызмет етіп келе жатқан Райханова Гуля Әділжанқызын, Мағамбетова Индира Аментайқызын, Балақбаева Алмагүл Сейсенбайқызын, Сатылғанова Гүлшаттарды біз тәлімгер деп танимыз.

Біздің қоғамда барлық жақсылық атаулы аналарға арналып келеді. Анаға қамқорлық – ұлтқа қамқорлық. Анаға құрмет – ұлтқа құрмет болып табылады. Нәзік жандыларды көктеммен қатар келетін төл мерекесімен құттықтаймыз. Қашанда аяулы аналарымыз, әпке-қарындастарымыз, қыз-келіншектеріміз аман болсын деп тілейік.

Валентина БАЛАБАШИНА,  
есеп - талдау және құқықтық жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы.

## Еңбек ерлікке бастайды

**Наурыздың 1-і талайлы тағдырлардың басын өз шаңырағының астына біріктіріп, қанатымен су сепкен қарлығаштай қамқорлығына алған Қазақстанның адамның адамға құрмет көрсететін күні болып белгіленді.**

Бұл ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні.



Жуырда «Балдырған» ба ла ба қ ш а с ы н ы ң бүлдіршіндері осы атаулы күннің құрметіне еңбегімен ел алғысына бөленген аға буын өкілдерімен жүздесті. Сарқан ауданының Құрметті азаматтары Жомарт Игіман, Құлшарбан Қалиева, Құлману Марданова балабақша балдырғандарының сан түрлі сауалдарына жауап беріп, періште-пейілден шыққан аққарма алғыс-тілектерін естіді. Олар

Құлману апаларынан тракторды қанша жасында тізгіндегенін, Құлшарбан апаларынан ұстаздық жолды неліктен таңдағанын, Жомарт атасынан өлең жазу туралы ой қанша жасында келгенін білгісі келді. Ақын аталарының өлеңдерін жатқа оқып, мерекелік көңіл-күйде би билеп, балаларға арналған әсем әуендерді орындады. Іс-шара Құлшарбан Мырзабайқызының, Құлману Қадырқызының жүрек тебіренісінен шыққан ақ тілектерімен ажарланды.

Өсіп-өніп өркендейтін тұстамын,

Бақытымды сомдап жатқан ұстамын.

Азияда айшықталған Барыс ел,

Мақтанышым – менің Қазақстаным,- деп жырлаған бүлдіршіндердің туған жердің бейбіт аспаны астында көгеріп-көктеуіне кездесу қонақтары ізгі лебіздерін білдірді.

Гүлфайруз ТӨЛЕУҒАЛИЕВА,  
«Еркетай» тобының тәрбиешісі.



## Сіздерге алғыс айтамын

Бүгінгі таңда Сарқан аудандық филиалы «Тіл» оқу - әдістемелік орталығының тіл курсыңдағы тыңдаушыларыма қазақ тілін меңгеруге зор жауапкершілікпен, үлкен құрметпен тілді ұғынуға деген талпыныстары үшін алғыс айтамын!

Сіздерді көктемнің алғашқы мерекесі 1- наурыз Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын! Алғыс айту күні - бұл көп ұлтты этнос өкілдерінің құтты қонысы болған қасиетті қазақ жеріне, еліне деген ризалық білдіру күні. Қазақстан халқының мұрасы татулық пен келісім, ізгілік пен мейірімділік, береке мен бірлікке үндейтін ізгі дәстүріміздің мызғымас тірегіне айналған күн.

Қазақ тіліне аса жауапкершілікпен, қызығушылықпен «Грамматика казахского языка просто о сложном» кітабын өздеріңіз ізденіп тапсырыс беріп өз қаражаттарыңызға алғандарыңыз мемлекеттік тілге деген құрметтеріңіздің дәлелі деп білемін. Сыйластық пен құрметтің бастауы болған мерекеді, мол денсаулық, шаңырақтарыңызға шаттық, шығармашылық табыс тілеймін!

Н.ТУЛЬТЕКЕНОВА,

«Тіл» оқу - әдістемелік орталығы Сарқан аудандық филиалының меңгерушісі.





## Абай муралары ұлығталды

**Жуырда Қарауылтөбе орта мектебінде ұлтымыздың ұлы ақыны, әдеби тілінің негізін салушы, аудармашы, сазгер, дана әрі дара тұлға Абай Құнанбаевтың шығармашылығына арналған «Абай-дана, Абай дара-қазакта!» атты сазды кеш өтті.**

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әсем Абзалбекова және көркем еңбек пәнінің мұғалімі Қызат Тоғанбаевтың ұйымдастырумен өткен іс-шара бастауында қатысушылардың хәкім, ақын Абайды қаншалықты танып, білетіндері сарапқа салынып, ойталқы сұрақтары ортаға салынды. Әсіресе оқушылардың тыңғылықты дайындығы арнайы шарадан айқын аңғарылды. Даярлық сыныбының кішкентай бүлдіршіні Айлин Темірхан, 3-сынып оқушысы Сафия Жексембекова, сондай-ақ 4, 6, 7, 8-сынып оқушыларының өнерлері көрермен қауымның ыстық ықыласын, зор қошаметін тудырды. Шәкірттер әуелете ән салып, мәнерлеп өлең оқып, көркем көрініс көрсетті. Ал кешке арнайы келген Амангелді ауылдық округінің мәдениет үйінің қызметкерлері шараны ән шашуларымен әрледі.

Барша қазақ баласы Абайды тануға, білуге, мақтануға тиіс. Ұлы ақын өз халқын өркендеген, өскен, еркін халық ретінде көруді арман еткен. Жүрегі қазақ деп соққан қазақ жұрты Абайдың өлеңдерін бойтұмарындай сақтап жүруі тиіс. Артына өлмейтін, өшпейтін мұра қалдырған ұлы Абай данышпанымызға арналған әдеби-сазды шара осындай айқындылығымен, саналарға сәуле түсіруімен, көрермендеріне терең ой салуымен ерекшеленді.

Сөзсіз Абай мұрасы – руханиятымыздың ең қасиетті, теңдесі жоқ алтын қазынасы. Заман ауысқанмен, уақыт өзгергенмен халқымыз ғұлама Абайдың рухани дүниесіне терең бойлап, оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін қазағын жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді.

**Қызат ТОҒАНБАЕВ,  
Қарауылтөбе орта мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі.**

## Нақты ғылымдар...

Мектебімізде 6.02-17.02.23 жыл аралығында Физика, математика, информатика пән бірлестігінің он күндігі болды. Он күндік барысында пән мұғалімдері ашық сабақтар және әртүрлі қызықты іс-шаралар көрсетті. Он күндіктің барысында мектеп дәлізін безендіріп, жаратылыстану пәндерінің апталығы екенін сезіндіру мақсатында оқушыларға жағымды атмосфералық жағдай жасауға тырысты.



Оқушылардың ф у н к ц и о н а л д ы қ сауаттылығын арттыру мақсатында аптаның үш күнін үш пәнге арнап, физикадан «Қызықты физикалық тәжірибиелер», математикадан «Ойлан, жұптас, есепте», информатикадан «Ақпараттар әлемі» тақырыптарында қызықты іс-шара ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған іс-шара өз деңгейінде өтті. Оқушылар белсенділік танытып, қызығушылықпен қатысты. Апта барысында мектеп дәліздерінде ілінген қызықты есептер, сөзжұмбақтарды, логикалық тапсырмаларды оқушылар орындап жүлдері сыйлықтарын алып жатты. Сонымен қатар әртүрлі сыныптан тыс шаралар болды. Атап айтсақ Дуанова А.С. 8 сыныптар арасында «Поле чудес» ойынын ұйымдастырып, онда Абуталип Қайсар жеңімпаз атанды. Пән мұғалімдері 8-11 сыныптар арасында командалық «Тапқырлар тартысы» ойыны ұйымдастырылып, онда 10 А сыныбы – 1 орын, 9 А сыныбы – 2 орын, 8 А сыныбы – 3 орын, 9 Б сыныбы – 3 орын алды, командалар мақтау қағазымен марапатталды. Ойын қызықты және тартысты болды. Командалар белсенділік танытып, әр қайсысы жеңімпаз болуға ұмтылды. «Оқуға құштар» мектеп жобасы аясында Баликенова С.К мен Г.Сибеева мектеп ұжымымен «Пікір-талас» өткізді. Мұғалімдер топқа бөлініп сұрақтарға жауап берді, сөзжұмбақтар шешті, шашырап жатқан сөдерден мақал-мателдерді құрастырды, логикалық есеп шығарды. Әр дұрыс жауапқа ұпай саны беріліп отырды. Пікір-талас тартысты болды. Әр мұғалім өз жауабын дәлелдеуге тырысты.

Физика, информатика, математика бірлесігінің онкүндігі жоғары деңгейде өтті.

**Салтанат БАЛИКЕНОВА,  
математика пәнінің мұғалімі.  
Гаухар СИБАЕВА,  
физика және математика пәнінің мұғалімі.  
Екіаша орта мектебі.**

## САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ — ОҚЫТУДЫ ЖАҚСАРТУДЫҢ КЕПІЛІ

Замануи мектептегі әр ұстаздың алдына қойған мақсаты – бұл өзінің кәсіби шеберлігін заман талабына сай арттырып отыру. «Сабақты зерттеу» үрдісінің түйінді сипаты креативтілік пен ғылыми дәлдік болып табылады. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі ең алдымен, мақсат міндеттерді дұрыс шешуден басталады. Әрбір күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде уақыт талабына сай жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілік жүктейді ол үшін әріптестерге бірігуге немесе жұмыс тобын құруға мүмкіндік беретін ынтымақтастық орта қажет.

«Сабақты зерттеу» тәсілінің көмегімен сабақты жоспарлау үдерісінде жұмыс тобының мүшелері кәсіби тәжірибемен алмаса алады, оқудың тиімді тәсілдері, формалары және әдістерін қолдану бойынша идеялар ұсына алады. Осындай бірлесе жұмыс жасаудың тиімділігін 2023 жылдың 17 ақпан күні Ақын Сара орта мектеп базасында өткен «Сабақты зерттеу: Қазақстан мектептерінің тәжірибесі -2023» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік аймақтық конференцияда анық көрініс тапты LS әдісін енгізудегі үздік тәжірибесін анықтау және тарату «Назарбаев Зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Талдықорған қаласындағы филиалының тренерлері Ошақбаева Аманкүл Әлдибекқызы, Черенкова Людмила Валерьевна, Куренов Айдос Еркінұлы және Эсботанова Ляззат Убековна 3 секция бойынша жұмыс ұйымдастырды. Конференцияға Ақсу, Алакөл, Сарқан ауданы бойынша мектеп директорлары мен педагог-зерттеушілері соны-



мен қатар мектеп тренерлері қатысты. Пленарлық бөлімінде әр ұсынылған сұрақтар аясында өз тәжірибелерімен бөліскен ұстаздар сабақты зерттеу үдерісіндегі оқу мен оқытудағы қандай проблемаларды шешуде ықпал етіп жатқандығына, кездескен кедергілермен өздері жоя алатын сындарлы кері байланыстар ұсынды. Зерттеу үдерісіне жас мамандар ынталандыру шараларының жүргізіліп жатқанын айта отырып өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Жетекші және серіктес мектептердің бірлесе жұмыс жүргізуінің барысындағы қиындықтарды айта отырып кеңестер ұсынылды. Мектепішілік зерттеудің ауқымын кеңейтудің қандай қадамдарын іске асыру керектігі, мектептегі сабақты зерттеу мәдениетін қалыптастыру және тұрақтандыру үшін ұсыныстар берілді. Секция жұмысы барысында әр топ берілген бірнеше кейістармен жұмыс жүргізіп ортаға салды. Үздік командалар мен спикерлер Алғыс хатпен марапатталды. Кері байланыс алу, өзіміздің кәсіби дамуыма жаңа идеялар мен үшін үлкен жетістік. Семинар соңында қатысушылар семинардың құнды және қызықты өткенін атап өтіп, үйретері мол жоғары деңгейде ұйымдастырылған семинарға педагогикалық шеберлік орталығының әдіскерлеріне және аудандық білім бөлімінің әдіскерлеріне өз алғыстарын білдірді.

**К.ҚЫДЫРМАНОВА,  
Қарауылтөбе орта мектебінің информатика пәні мұғалімі.**

## Кәсіби шеберлік - білім сапасының кепілі

Мектеп - ұлағатты ұстаздардың даналығы мен жастардың жалынды істерін жалғайтын, білім мен ғылымға деген ізденіс пен құштарлықты оята-тын білім ордасы. Тәуелсіз елдің тірегі – білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті. «Тәрбиесіз берген білім-білім емес»-деп ұлы ұстазымыз Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай бірінші кезекте тәртіпті де тәрбиелі жеке тұлғаны дайындауымыз керек. Заман көшінен қалмай, уақыт талабына сай болу, білімді өз бетінше үйрену, оны оқушыларға үйрету-ұстаздың деген кез келген азаматтың міндеті, - деп білемін. Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керекі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім. Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің қоржыны тағы да бір жүлдеге толықты.

Тәрбие мен психологиялық қызметті тиімді ұйымдастыруда шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтер командасын анықтау, қолдау көрсету мақсатында шебер-класс алаңы өткізілді. Аудандық кезеңнен топ жарып мектебіміз 1 орын алып, аймақтық кезеңге жолда-



ма алды. 15-16 ақпан аралығында өткен шара 2 кезеңнен тұрды. Екінші кезеңде бақ сынаған Алакөл, Ақсу, Сарқан, Қаратал аудандары және Талдықорған қаласы М.Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясы болды. Сайысқа мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, педагог-ұйымдастырушы және сынып жетекшісінен құрылған белсенді топ қатысты. Мектебімізден мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Мухамедиева, педагог-психолог Қ.Ермекқызы, әлеуметтік педагог М.Долданова, педагог-ұйымдастырушы Д.Бердыбаев және сынып жетекші М.Биясыл қатысты. Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі аймақтық кезеңнен 2 орын иеленіп облысқа жолдама алды. Мұғалім - шебер ак-

тер, әрі тәрбиелеуші. Бір уақытта бірнеше рөлге енеді. Яғни, мұғалім жан-жақты тұлға.

Педагогикалық шеберлік негізі бұл адамның жеке басының таланты мен осы талантты дамытуға бағытталған қажырлы еңбегі болып табылады. Әрбір маман шебер болып туа бермейді, бірақ еңбектену барысында шебер болуға болады. Мұғалім мамандығының басты ерекшелігі оның үнемі үлгі-енеге бола білуінде. Сондықтан нағыз мұғалім болуы үшін үнемі шеберлікке ұмытылып отыру керек. Осындай аймақтық кезеңдегі шебер-класс алаңында өздерінің біріккен жұмыстарын тәжірибемен ұштастырып көрсете білген педагогтарға үнемі сәттілік тілейміз.

**М.ДОЛДАНОВА,  
Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебінің әлеуметтік педагогы.**

## Психология менің өмірімде және кәсібімде

**Неліктен адамдарға психология керек?**

**Бұл сұраққа жауап бермес бұрын, сіз «психология» ұмына және оның шығу тегіне терең үңілуіңіз керек. Психология – бұл адамның психикалық әрекеті, оған сыртқы факторлардың әсерін және мінез-құлқыты егже –тегжейлі талдау негізінде жеке адамдар арасындағы өзара әрекеттесуді зерттетін ғылым. Грек тілінен аударғанда «психология» сөзін «жан туралы білім» деп аударуға болады. Бұл – адамның мінез-құлқы туралы, адамның өзі және өмірі туралы білім.**

Мен үшін психологияның артықшылығы – ол біздің өміріміздің барлық салаларын қамтуға қабілетті. Мектепте, оқу орнында, жұмыста, отбасымен бірге, адамдармен қарым-қатынаста, жеке тәжірибелерде біз күн сайын көптеген мәселелерді шешуге тырысамыз, қиындық тудырған жағдайларды жеңуге ұмтыламыз және мұндай сәтте психология бізге көмектесетіні анық. Дегенмен, бұл бір бөлшегі ғана. Анықтап көз жүгіртетін болсақ, психология сан түрлі құбылыстарға, әдістерге, тарауларға бөлінетін өте қызық сала екенін байқаймыз. Мүмкін әр адамда психологиялық жағынан сол оқиғаға дайын болу керек деген ойға әкелетін өз өмірінде бір оқиға болуы мүмкін. Соның бірі қазіргі заманда адамдарға телефон мен интернеттің маңызы зор болып тұр.

Менің түсінігімде психология адамның ішкі рухани әлемінің ғылымы. Бұл ғылым адамдардың қоршаған орта деген қарым-қатынастарын зерттеу үдерісі өте

қиын, себебі түсіну қиын, әрбір адамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Бұл ішкі жеке мотивтерді адамға жетелейтінін, оның мінез-құлқына және іс-әрекетін анықтауға көмектеседі.

Мен психологиялық жазбалар мен кітаптар оқи бастап, бақыт деген дәл қазіргі сәт екенін түсіне бастадым.

Жеке өзімді қарастырар болсам, менде бәрі де өз уақытымен кезеңімен болып жатты. Қолыма алым келген қызыл дипломымды алдым, одан кейін жоғары оқу орнына түсіп бірақ қызылға бітіре алмадым. Шыны керек содан кейін мен кішігірім депрессияға түстім. Болашағыма кері әсерін тигізе ма деген уайым маза бермеді. Кейін жақындарымның айтқандары бірден еске түсе қалды. Қазір ойлап қарасам депрессия деген сөзді өзіміз ойдан шығарып алад екенбіз. Сәтсіздіктермен мен одан да биіктерге көтерілуім керек деп, өзімді іздеумен мен аяққа тұрдым. Сол сәтте ұзақ депрессияға түспеуге шешім қабылдап, арманымға ұмылдым. Қазір еш өкінбеймін, арманымның бір бөлігі орындалды десем артық етпейді. Мен қазір сол кездегі сәтсіздігімді сабақ ретінде көріп қуанамын. Қазіргі кезде психология сөзі трендке айналып барады. Сондықтан мен оны психология емес өзіңді тану деп айтын едім. Әр адам мамандық таңдағанда ол қандай, ол мамандықпен кейін жұмыс жасай аламын ба деген сұрақтарды ойлап, өзін психологиялық жағынан осы қызығушылық танытқан мамандығына психологиялық тұрғыда дайындайды. Мен мамандығымды таңдарда дәл осындай психологиялық тұрғыдан ойланым шешім қабылдадым.

Қорытындылай келетін болсам, әркімнің өмірі тек өз қолында. Қазақ психологы Камшат Бекжігітова айтпақшы «Ойыңды өзгертіп, өміріңді өзгертуге болады». Өз өмірімізге өзіміз ғана жауаптымыз!

**Р.МАРАД,  
М.Мәметова атындағы орта мектебінің психологы.**



## Архивтік құжаттарды сақтау тәртібі

Архивтік құжаттарды сақтау тәртібі арнайы қағидамен жүзеге асырылады.

Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнайы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 қыркүйек №576 қаулысымен архивтік құжаттарды сақтау режимін қамтамасыз ету тәртібі бекітілген.

Архивтік құжаттар олардың сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда сақталады. Архивтік құжаттарды сақтаудың шарттары:

1. Архив ғимараты өртке қарсы, күзет, температуралық-ылғалдылық, жарық және санитариялық-гигиеналық режимдері сақталуы қажет;

2. Сақтаудың арнайы құралдарын қолдануды және архивтік құжаттардың орнын ауыстырумен қамтамасыз етіледі.

Архив қоймасының биіктігі еденнен төбеге дейін кемінде 2,5 метр болады және 4 метрден аспайды. Архив қоймасы 2-3 мәрте ауа алмастыратын, температуралық-ылғалдылық режимінің тұрақтылығын, ауаны шаң-тозаңнан және агрессивті қоспалардан тазартуды қамтамасыз ететін табиғи немесе жасанды желдетумен, ауа баптау жүйесімен жарықтандырылады.

Архив ғимаратында және архив қоймаларында өрт қауіпсіздігі режимі Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуді реттейтін нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Қоймаларда жарықты жағып кетуге болмайды.

Архив ғимараты күзет дабылымен жабдықталған. Архив қоймаларында ұзақ уақыт сақтаудың мынадай температуралық-ылғалдылық режимі қамтамасыз етіледі: қағаз жеткізгіштегі құжаттар үшін температура +17 - +19°C, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 50-55 % болуы қажет. Бақылау —өлшеу аспаптарының көрсеткіштері тіркеу журналдарына түсіріліп отырады. Архивтік құжаттарды сақтау қараңғы жерде жүзеге асырылады. Архив қоймалары табиғи немесе жасанды жарықпен жабдықталады. Жасанды жарық беру үшін сырт жағы тегіс жабық қалпақ салынған шамдар қолданылады. Архив қоймаларында электр сымдары жасырын болуы тиіс.

Архив қоймалары және архивтің басқа да үй-жайлары жөндіктердің пайда болуына, зең мен шаңның жиналуына жол бермейтін таза және жинақы жағдайда болуы тиіс. Архив қоймаларына сырт киіммен, су және лас аяқ киіммен кіруге, бөгде заттарды, азық-түлік өнімдерін сақтауға және пайдалануға болмайды.

Архивтік құжаттар қатаң реттелген күйде осыған арнайы бөлінген орынға мысалы: стеллаждарға, шафтарға орналастырылады.

Осы орайда Сарқан филиалында мемлекеттік сақтауда 230 қор, 49819 сақтау бірлігі бар. Оның ішінде: басқару құжаттары - 25778 сақтау бірлігі, жеке тектік құжаттар - 14 сақтау бірлігі, жеке құрам бойынша құжаттар - 24027 сақтау бірлігі.

Архив құжаттарының сақталуын, жинақталуын, пайдалануын қамтамасыз ету архив қызметкерлерінің міндеті болып табылады. Сарқан филиалында архив қызметі жүйелі түрде, сапалы жүргізілуде.

**Ж.УНЕРХАНОВА,**

**«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ  
Сарқан филиалының 1 санат архивісі.**

## К сведению налогоплательщиков

Управление государственных доходов доводит до сведения налогоплательщиков, что при реализации жилого имущества (частные дома, квартиры, гаражи), земельного участка (ИЖС, ЛПХ, садоводство) находившихся на праве собственности менее чем 12 месяцев, либо не жилых объектов (коммерческие объекты), где возникает доход от прироста стоимости (имущественный доход) в соответствии статьи 330, 331, 334 Налогового кодекса Республики Казахстан (далее Налоговый кодекс РК) при наличии положительной разницы, подлежит исчислению индивидуальный подоходный налог (далее ИПН) в соответствии пункта 1 статьи 320 Налогового кодекса РК по ставке 10 процентов и возникает налоговое обязательство в соответствии статьи 363 и 364 Налогового кодекса РК по представлению декларации по индивидуальному подоходному налогу за 2022 год в налоговые органы по месту жительства не позднее 31 марта года, следующего за отчетным налоговым периодом в котором получен доход (форма налоговой отчетности 240.00).

Дополнительно напоминаем, что в случае несвоевременной уплаты ИПН начисляется, пеня за каждый день просрочки и предусмотрены меры административного воздействия!

На основании вышеизложенного УГД убедительно просит Всех налогоплательщиков, получивших имущественный доход за 2022 год исполнить налоговые обязательства.

## Орманда өрт қауіпі бар маусымға дайындық



Орманға ең қауіптісі - өрт, адамдар қолымен жасалатын өрт. Өрт жас талшыбықтардың өз бетінше өркен жаюына, жер қыртысындағы тұқым қорының зақымдануына, тіпті үлкен ағаштардың құруына әкеп соғады. Өртте жан- жануарлар, аң-құстар құртылады.

Орман пайдаланушылар омарташы, мал жаюшы, шөп шабушы, отын дайындаушы т. б. Орман алқаптары аймақтарында әрбір азамат темекі тартқанда немесе от жағып тамақ пісіргенде үнемі сақ болуы керек. Өрт шығу қаупі туындамау үшін арнайы өрт сөндіруге арналған қалқан, онда күрек, шартылдақтар, балта, ара, су шашатын құралдар үнемі болуы шарт. «ҚР ормандарда өрт қауіпсіздігі Ережесі» бұзылған және

мемлекеттік орман қоры жерлерімен тікелей жақын орналасқан жерлерде ауыл шаруашылығы жағуы жіберілген жағдайда кінәлі тұлға ҚР ӘҚБТК жауапкершілікке тартылады.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін, сол бұзушылықтар, өрт шыққан жағдайда, адамзат денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтірсе, қылмыстық жауапкершілік болмаса жеке тұлғаға 100 АЕК, лауазымды тұлғаға, шағын кәсіпкерлік тұлғаға 250 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілерге 1500 АЕК дейін айыппұл салынады.

Қасақана өрт жіберілген жағдайда орман алқаптары жойылған немесе зақымданғанда кінәлі тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

**ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАНЫЗДАР.**

**Р.НУРГОЖАНОВ,**

**«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Сарқан филиалының  
орманды қорғау және сақтау инженері.**

## Кәсіпкерлік

## Бизнесті қорғауға басымдылық беріледі

Қолданыстағы мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы заңнама бизнес субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидағандарды айқындайды.

А.ж. 1 қаңтардан бастап Мемлекет басшысының кәсіпкерлік қызмет саласындағы жаңа реттеу саясаты туралы тапсырмасы шеңберінде іске асырылған Кәсіпкерлік кодекстің (Кодекс) нормалары заңды күшіне енді.

Енді мемлекеттік бақылау нысаны профилактикалық бақылау, тексеру және тергеп-тексеру түрінде жүзеге асырылады.

Сонымен қатар берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарының сәйкестігіне жүргізілетін тексерудің жаңа нысаны енгізілді.

Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулер алынып тасталды, ал субъектіге (объектіге) бару арқылы жүргізілетін профилактикалық бақылау осыдан бұрын сол субъектіге бармай жасалған жағдайда жүргізілетін болады.

Жоспардан тыс тексерулерді тағайындаудың негіздері 13-тен 8-ге дейін қысқарды (бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы талаптарға сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың өтініштері, прокурордың тапсырмалары, қайта тексеру, қылмыстық іс жүргізу және салық заңнамаларының негіздері жатады).

Барлық енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттеледі.

Сондай-ақ тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесінде цифрландырылған, ол тіркеу сатысында бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Барлық қызықтыратын мәселелер бойынша, оның ішінде тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттер туралы өтініштермен Бас прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (телефон-115), Басқармаға 87282 24 11 38 телефоны арқылы хабарласуға болады.

Сонымен бірге, кез келген кәсіпкер Комитеттің «www.qatqog.gov.kz» ақпараттық порталында немесе «Qatqog» мобильді қосымшасы арқылы тексерістің тіркелуін көре алады.

Мобильді қосымшаның көмегімен кәсіпкерлер алдағы тексерулер туралы хабарламаларды алуға, онлайн режимде шағым беруге мүмкіндігі бар. Осындай мәліметтер болмаған жағдайда, кәсіпкердің тексерушілерге тексеру жүргізуге жол бермеу құқығы бар.

**ҚР БП ҚСЖАЕК**

**Жетісу облысы бойынша басқармасы.**

## В защиту бизнеса

Действующим законодательством в сфере государственного контроля и надзора определены единые принципы защиты прав и законных интересов субъектов бизнеса.

С 1 января т.г. вступили в законную силу нормы Предпринимательского кодекса (Кодекс), реализованные в рамках поручения Главы государства о новой регуляторной политике в сфере предпринимательской деятельности.

Теперь государственный контроль осуществляется в форме профилактического контроля, проверок и расследований.

Наряду с этим введена новая форма проверки на соответствие квалификационным или разрешительным требованиям по выданным разрешениям и направленным уведомлениям.

При этом, отменены проверки, проводимые по особому порядку на основе оценки степени риска, а профилактический контроль с посещением субъекта (объекта) будет проводиться при условии, что ранее он проводился без посещения этого субъекта.

Количество оснований для назначения внеплановых проверок сократилось с 13-ти до 8-ми (контроль исполнения предписаний об устранении выявленных нарушений в результате проверки на соответствие требованиям и профилактического контроля с посещением субъекта (объекта) контроля и надзора, обращения физических и юридических лиц, а также госорганов, поручения прокурора, повторная проверка, основания уголовного процессуального и налогового законодательства).

Все новшества регламентированы главой 13 Кодекса.

Необходимо отметить, что весь процесс учета и регистрации проверок оцифрован в информационной системе «Единый реестр субъектов и объектов проверок» (ЕРСОП), которая на стадии регистрации обеспечивает защиту бизнеса от незаконных проверок, а также прозрачность государственного контроля и надзора.

По всем интересующим вопросам, в том числе с обращениями о неправомерных действиях со стороны проверяющих госорганов, предприниматели могут обратиться в единый контакт-центр Генеральной прокуратуры (телефон - 115), непосредственно в Управление по телефону 8 7282 24 11 38.

Также, любой предприниматель, к которому пришли с проверкой, может проверить регистрацию проверки на информационном портале Комитета «www.qatqog.gov.kz», либо посредством мобильного приложения «Qatqog».

С помощью мобильного приложения предприниматели могут получать уведомления о предстоящих проверках, подавать жалобы в режиме онлайн. В случае отсутствия таких сведений, предприниматель вправе отказать в допуске проверяющих к проверке.

**УКПСиСУ ГП РК по области Жетісу.**



## Ұрпақ қуанышымен мерейленіңіз!

Сарқан қаласының тұрғыны, ұлағатты ұстаз, аяулы ана, мейірімді әже **Роза Омарқызын** Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Біз отбасылық достары атынан Роза Омарқызына өмірдегі барлық жақсылықты тілей отырып, шеберлерінің қызығын көріп, ұрпақ қуанышымен мерейленіп жүрсін деген ізгі тілегімізді ортаға саламыз.



Ізгі жанға береді өмір төрін шын,  
Шұғылалы көңіл нұры төгілсін.  
Білген жанға осы әулеттің бағысын,  
Абыройысың, құрмет, төзім, сенімсің.  
Немерелер сыйлап өтті Алмасың,  
Ұрпағыңның қанаттары талмасын.  
Жақсы ісінді Айым келін жалғасын,  
Бақ-құт берген Алла мәңгі қолдасын!

Ізгі тілекпен: отбасылық достарың Базархан, Кәмилә, Сайраш, Ардақ.

## Құттықтаймыз!

Құрметті білім саласының ардагерлері! Сіздерді жылдың көрікті де, қуанышты мезгілі көктемнің алғашқы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Отбасыларыңыз бен өздеріңізге амандық, дендеріңізге саулық, ұзақ әрі шаттыққа толы ғұмыр тілеймін!

Ізгі тілекпен: Үміт ҚОЖАХАНҚЫЗЫ.  
Астана қаласы.

## Ақық ақын жырымен сырласу



Биыл ақық ақын, поэзияның мұзбалағы **Мұқағали Мақатаевтың** туғанына 92 жыл. **Айтулы датаға орай еліміздің көлемінде түрлі байқаулар ұйымдастырылып, ақын шығармашылығы кеңінен дәріптеліп жатыр. Соның бірі аудандық кітапханада ұйымдастырылып өткен «Ақық ақын жырымен сырласу» атты байқау. Іс-шараның басында жүргізуші Алмагүл Омарова Мұқағали Мақатаевтың өмірбаянымен жыр сүйер оқушыларға кеңінен мағлұмат берді. Осы жолғы байқау 2 кезеңнен тұратынын айтып, төрелік ететін қазылар алқасымен таныстырды.**

Бірінші кезеңнің шарты бойынша қатысушылар сұраққа толыққанды жауап берсе, екінші кезеңде үзінді қай шығармадан алынғанын айтты. Қаланың мектептерінен іріктеліп алынған жиырмаға жуық оқушылар ақынның шығармашылығы бойынша шама-шарқыларына қарай білетіндерін айтып, өздерінің дайындықтарын көрсетті.

Бүкіл саналы өмірінде елінің болашағын жырлап өткен, халқына деген махаббатын поэзия да ғана емес өмірде де, күресте де, үлкен азаматтықпен қорғай білген М. Мақатаев мұралары ешқашан өлмек емес және оны жаттап өту біздің парызымыз. Жылдар тізіліп өткен сайын Мұқағали ақынның бейнесі тұлғалана, биіктей түседі. Оның рухани қазынасын ұлт иелігіне асыратын ХХІ ғасырдың жастары.

Байқаудың соңында білімімен әрі біліктілігімен дараланған 9 сынып оқушысы Ерасыл Сериков I орынды иеленсе, 7 сынып оқушысы Елнур Дәуренбек II орынға ие болды, ал ең кішкентай қатысушы 3 сынып оқушысы Алихан Нурболат тиісінше III орынды қанағат тұтты. Жеңімпаздар Алғыс хатқа және бағалы сыйлыққа ие болды.

Ж. ЖОМАРТҰЛЫ.

## Я смогу говорить на государственном языке

В современном Казахстане проживают очень много людей разных национальностей и все они живут в мире и дружбе. Я рада, что я из их числа. С детства и по сегодняшний день живу в прекрасном городе Сарқан. Работаю в АО «Казпочта» почтальоном. Работа у меня многофункциональная, очень важно знать и уметь общаться как на русском, так и на казахском языках. Как-то на работе услышала о том, что у нас в городе работает центр обучения государственному языку, записалась на курсы. Конечно были сомнения, говорила себе: «В моем-то возрасте какие могут курсы?!» Начала посещать уроки по расписанию. Первый урок я запомнила на всю жизнь. «Казахстан!!! А знаете ли вы почему так называется наша страна? В древности на территории Казахстана проживали множество тюркских племен. Они являлись древними предками казахов. Они жили на одной территории, у них было все общее: язык общения, обычаи, традиции, религия, культура, занятия, общие радости и горести. В последствии эти племена объединились в единый народ «казахи» что в переводе с тюркского обозначает «свободный человек».

Каждый урок приносит нам новые знания: новые слова учим наизусть, в последующем из них учимся составлять предложения, уже понимая смысл. Сейчас я свободно могу составить диалог. И, на сегодняшний день, у меня уже нет сомнений, в том, что в скором времени я смогу говорить на государственном языке.

Оксана ПЯТКОВА.  
г.Сарқан.

Сарқан ауданының әкімдігі, аудандық ардагерлер кеңесі Сарқан ауданының Құрметті азаматы

**Сарбасов Мейрамғали Мүсілімұлының** қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысын бөлісіп, көңіл айтады.

Атапат партиясының Сарқан аудандық филиалы Сарқан ауданының Құрметті азаматы

**Сарбасов Мейрамғали Мүсілімұлының** қайтыс болуына орай отбасының ауыр қайғысын бөлісіп, көңіл айтады.

## Сен туған күн, мерекенмен!



Сарқан қаласының тұрғыны, аудандық байланыс саласында, бір мекемеде 40 жылдай еңбек еткен Еңбек ардагері **Байжибекова Күлшебала Рақымқызы** 5 наурызда мерейлі 70 жасқа толып отыр. Анамызға ұзақ өмір, отбасында зор денсаулық, балаларының, немерелерінің ортасында үнемі жарқырап жайнап жүре беруіне тілектеспіз.

Әкеміз Игілік Молдағалиұлы екеуі 50 жыл бақытты ғұмыр кешіп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырған берекелі отбасы, бүгінде немерелерін бағып-қағып отырған ата-әже. Дос-жаран, туған-туыс, құда-жекжатқа сыйлы азаматтар.

Анамызға әрдайым тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан таймай асыл жарыңызбен біздің мәуелі бөйтерегіміз болып, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз мол болсын.

Сіз біздің күнімізсіз жарқыраған,  
Анадан қуат алған жарты ғалам.  
Құны мен қасиеті тозбайтұғын,  
Біз үшін «Ана» - деген алтын адам.  
Анашым, өрлей берсін өр кемеңіз,  
Ақтауға ақ сүтінді тер төгеміз.  
Жүз жасап бала-шаға ортасында,  
Мәңгілік үстем болсын мерейіңіз.

Құттықтаушылар: балалары Бибігүл-Болат, Саят-Тоня, Самат-Шырын, немерелері.

Жер жүзіне жылылығын, сұлулығын, мейірімділігін ала келетін көктемнің көрікті мерекесі - 8 наурыз күні дүние есігін ашып, бір бойында осындай асыл қасиеттер тоғысқан асыл жар, ардақты ана **Қарашева Ардақ Жапарқызын** туған күнімен әрі 60 жастық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Еңбексүйгіш, әрдайым белсенді сізді көпшілік өз ісінің маманы ретінде жақсы таниды, құрметтейді. Адам өмірінің асқар биігі – алпыстың шыңына шығып отырған сізге күндеріңіз көркем, айларыңыз ажарлы, жылдарыңыз жемісті болсын деген игі тілегімізді ақтарамыз. Жүрекжарды тілегімізді мына бір жыр жолдарымен түйіндейміз.



Алғы күннен күтер әркім жақсы үміт,  
Келе берсін Сізге ылғи бақ күліп.  
Шаттықпенен көріп таңның арайын,  
Жаратушы төксін игі жақсылық.

Өзіңізге деген ақ тілекпен: Дәулет Ілімханұлы және аудандық пошта торабының ұжымы.

## ХАБАРЛАНДЫРУ ОБЪЯВЛЕНИЕ

Утерянный гос. акт № 1148778 (кад. № 03-267-007-518) зарегистрированный на имя **Ткачева Александра Ильича** считать недействительным.

**Тез арада Жөнкебаева 31 «А» көшесінде үлкен үй 10x10 сатылады. Үйде су, санузел, телефон, жазғы 2 бөлмелі ас үй, монша, гараж, үлкен огород, мал қорасы бар. Мектеп, балабақша жанында. Үй телефоны 2-72-50, сот. 8707 9434354.**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы №18-02/40 бұйрығымен бекітілген «Ағаш кесу билеті мен орман билетінің нысандарын, оларды есепке алу, сақтау толтыру және беру қағидасын (бұдан әрі қағида) 3 тарау 13-1, 13-2, 13-3 тармақтармен Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 1 маусымдағы №28 бұйрығымен толықтырылды. Осыған орай, «Берлітөбе орман шаруашылығы» КММ 2021 жылдың қаңтарынан бастап «Ағаш кесу және орман билетін беру» мемлекеттік қызметін жеке және заңды тұлғаларға еgov порталы арқылы электронды үлгіде ұсынады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі мал жаю алаңдары бір бас қой, ешкіге 7,0 гектар, бір бас мүйізді ірі қара мал (сиыр) 7,0 гектар, бір бас жылқыға 5,0 гектар болып бекітілген.

Толық ақпарат алу үшін хабарласу телефоны: 872843-2-10-15

Е.БАРЛЫКБАЕВ.

«Берлітөбе орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас инженері.



## Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**SAPOAN**  
Құрылтайшысы:  
Директор - бас редактор  
ИГИМАН Жомарт Мақатұлы

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:  
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117  
Телефон: 2-20-47, 2-23-53  
e-mail:  
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 2530  
Осы шығарылымның таралымы: 2530  
Газет индексі: 35202,15202  
Офсеттік басылым 1 баспа табақ  
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Алатау баспа-полиграфиялық корпорациясы» ЖШС филиалы - Сарқан баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.